# Оңалту рәсімін өткізу қорытындылары бойынша медетші басқарушының қорытынды есебін келісу ережесін бекіту туралы

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Дәрменсіз борышкерлермен жұмыс комитеті Төрағасының 2006 жылғы 20 наурыздағы N 17 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2006 жылғы 10 сәуірде тіркелді. Тіркеу N 4186. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2007 жылғы 2 қарашадағы N 373 Бұйрығымен

*Бұйрықтың күші жойылды - Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2007.11.02.* N 373 *(қолданысқа енгізілу тәртібін* 4-тармақтан *қараңыз) Бұйрығымен.*

"Банкроттық туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған оңалту рәсімін өткізу қорытындылары бойынша міндетші басқарушының қорытынды есебін келісу ережесі бекітілсін.

2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау белгіленген міндеттерді бөлуге сәйкес жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Дәрменсіз борышкерлермен жұмыс комитеті Төрағасының орынбасарына жүктелсін.

3. Осы бұйрық ресми бұқаралық ақпарат құралдарында бірінші жарияланған күнінен 10 күнтізбелік күн өткен күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Төраға*

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігінің
Дәрменсіз борышкерлермен
жұмыс комитеті төрағасының
2006 жылғы 20 наурыздағы
N 17 бұйрығымен бекітілген

## Оңалту рәсімін өткізу қорытындылары бойынша медетші басқарушының қорытынды есебін келісу ережесі

1. Осы Оңалту рәсімін өткізу қорытындылары бойынша, медетші басқарушының қорытынды есебін келісу ережесі (бұдан әрі - Ереже) "Банкроттық туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 21 қаңтардағы Заңына (бұдан әрі - Заң) сәйкес әзірленді.

2. Осы Ереже Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Дәрменсіз борышкерлермен жұмыс комитетінің оның аумақтық органдары (бұдан әрі - уәкілетті орган) оңалту рәсімін өткізу қорытындылары бойынша медетші басқарушының қорытынды есебін (бұдан әрі - қорытынды есеп) келісу тәртібін белгілейді.

3. Қорытынды есепті міндетті басқарушы жасайды және осы Ережеге қосымшаға сәйкес белгіленген нысанға сәйкес келуге тиіс.

4. Қорытынды есепке мынадай құжаттар қоса берілуге тиіс:

1) борышкердің оңалту рәсімін қолдану сәтіндегі және оңалту рәсімін аяқтау сәтіндегі бухгалтерлік теңгерімінің көшірмесі;

2) оңалту рәсімі аяқталған сәттегі бухгалтерлік теңгерімге N 2 нысанның көшірмесі;

3) Салық қызметінің сәйкесінше органдарымен оңалту рәсімін аяқтау сәтіндегі салыстыру актісінің көшірмесі;

4) уәкілетті органның кредит берушілер комитетінің құрамын бекіту, оның құрамын өзгерту туралы бұйрықтарының көшірмесі;

5) кредит берушілер комитеті отырыстары хаттамаларының көшірмесі;

6) оңалту рәсімі қолданылған сәттегі және оңалту рәсімі аяқталған сәттегі дебиторлық берешектің толық жазылуы;

7) кредит берушілер талаптарының тізіліміне сәйкес кредиторлық берешектің толық жазылуы және берешектің сомасы және өтеу күні көрсетілген төлем құжаттар;

8) оңалту рәсімі өткізілген кезеңде пайда болған және оңалту рәсімі аяқталған сәтте өтелмеген кредиторлық берешектің толық жазылуы;

9) оңалту кезеңіндегі негізгі қаражаттың негізгі құралдар топтары бойынша қозғалысы туралы есеп, растайтын құжаттар қоса беріледі;

10) санация шаралары қолданған жағдайда:

санация шартының көшірмесі;

санацияға қатысушының борышкерге және (немесе) кредит берушілерге оңалту жоспарына сәйкес ақша қаражатын аудару туралы жазбаша міндеттемесінің көшірмесі;

санация қаражатының түскендігі туралы және осы қаражаттарды жұмсау төлем тапсырыстарының көшірмелері;

11) Медетші басқарушының қорытынды есеп беруінде көрсетілген мәліметтерді растаушы басқа да құжаттар.

5. Медетші басқарушының қорытынды есебіне медетші басқарушы, бас бухгалтер қол қояды, борышкердің мөрімен расталады және оңалту рәсімі аяқталған сәтке дейін жиырма күннен кешіктірмейтін мерзімде борышкердің кредит берушілер комитетінің карауына ұсынылады.

6. Кредит берушілер комитеті келісім берген жағдайда медетші басқарушы үш күн мерзімде оны келісуге уәкілетті органға жібереді.

7. Уәкілетті орган ұсынылған сәттен бастап он бес күннен кешіктірмейтін мерзімде медетші басқарушының қорытынды есебін келіседі және оңалту рәсімдерін өткізу қорытындылары бойынша тиісті қорытынды береді.

Қорытынды есеп осы Ережеге сәйкес келмеген кезде құжаттарды уәкілетті орган оны ұсынған сәттен бастап үш күннен аспайтын мерзімде пысықтауға қарамай қайтарады.

8. Уәкілетті органмен келісілген медетші басқарушының қорытынды есебі оны бекіту үшін уәкілетті органның қорытындысын қоса бере отырып, сотқа жіберіледі.

9. Сот оңалту рәсімінің аяқталғандығы туралы шешім шығарғаннан кейін медетші басқарушы бес күн мерзімде оның көшірмесін уәкілетті органға, сондай-ақ борышкердің кредит берушілеріне жібереді.

Оңалту рәсімін өткізу қорытындылары бойынша медетші басқарушының қорытынды есебін келісу ережесіне қосымша

Оңалту рәсімін өткізу қорытындылары бойынша медетші басқарушының қорытынды есебінің нысаны

**Оңалту рәсімін өткізу қорытындылары бойынша медетші басқарушының қорытынды есебі**

__________________ _______________

(күні) (жасау орны)

___________________________________________________

(Медетші басқарушының аты-жөні)

________________________________________________________________

(Қарыз алушы мекеменің оның ұйымдастырушылық құқықтық нысанын

________________________________________________________________

көрсете отырып қысқаша және толық аты, РНН-і)

________________________________________________________________

(қарыз алушының заңды мекен-жайы)

**1. Ұйымдастыру-құқықтық іс-шаралар**

1. Соттың борышкер ұйымға оңалту рәсімін қолдану, оңалту рәсімін ұзарту туралы айқындамасы (Айқындама күні және соттың аты): 200 жылдың "___" бастап_____________________________________

(соттың аты)
2. Оңалту рәсімін ұзарту туралы айқындама (Айқындама күні және соттың аты) 200 жылдың "___" бастап_______________________________________________
(соттың аты)
3. Медетші басқарушының берген оңалту әдісін қолдану туралы ақпараттық көздерде берген хабарландырулары (шығару нөмірі және газет аты):
_____________________ N________ "___"___________________200__ жыл
(газеттің аты)
4. Мүлікті қабылдап алу-беру актісі: "__"_______200__ жыл
5. Кредит берушілер комитетімен жасалған медетші басқарушының келісімі:
"___" _____________200___жыл

**2. Борышкерінің активтері туралы мәліметтер**

6. Борышкердің оңалту рәсімін қолдану сәтіндегі теңгерім бойынша активтердің бағасы (қалдық құн бойынша) _____________________________
(мың. теңге)
Соның ішінде:
7. Негізгі қаражат___________________________________
(мың. теңге)
8. Аяқталынбаған құрылыс____________________________
(мың. теңге)
9. Көмекші материалдар______________________________
(мың. теңге)
10. Бағасы арзан мәкәммар___________________________
(мың. теңге)
11. Өндіріс қорлары _________________________________
(мың. теңге)
12. Дайын өнім қалдықтары___________________________
(мың. теңге)
13. Борышкердің мүлкін түгендеу жүргізілді __________________________ (мүлікті түгендеу бойынша актінің және тізімдеменің күні және нөмері)
14. Борышкердің мүлкін бағалау жүргізілді (егер де ол жүргізілсе)
15. Орындалған негізгі құралдар
(мың. теңге)

| | Объектінің аты | Теңгерім бойынша құны | Бағалау құн | Орындау құны | Орындаудың нақты бағасы |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | | 3 | 4 | 5 |

16. Алынған негізгі құралдар:

| | Объектінің аты | Сатып алу құны (мың. теңге) | Ескерту (алу мақсаты) |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |

17. Оңалту рәсімі аяқталған кездегі активтердің теңгерімдік_________ (мың. теңге)

Оның ішінде:

18. Негізгі қаражат ______________________________ (мың. теңге)

19. Аяқталынбаған құрылыс_________________________ (мың. теңге)

20. Көмекші материалдар__________________________ (мың. теңге)

21. Бағасы арзан мәкәммар_________________________ (мың. теңге)

22. Өндіріс қорлары_______________________________ (мың. теңге)

23. Дайын өнім қалдықтары ________________________ (мың. теңге)

### 3. Кредит берушілер талаптарының тізілімін қалыптастыру және бекіту

24. Борышкердің оңалту рәсімін қолдану сәтіндегі жалпы несиелік қарыз __________________________________________ (мың. теңге)

25. Еңбекақы______________________________________ (мың. теңге)

26. Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер ____________________________ (мың. теңге)

27. Мердігерлер және жабдықтаушылар алдындағы қарыз________________ (мың теңге)

28. Кредит берушілер талаптарының тізімі: "____" ____________ ___________ 200___ жыл N _______ ДБЖКБ бұйрығы

1 кезек _____________________ (мың. теңге)

2 кезек______________________ (мың. теңге)

3 кезек______________________

(мың. теңге)
4 кезек________________________
(мың. теңге)
5 кезек________________________
(мың. теңге)
29. Кредит берушілердің талаптарының тізіліміне енгізілген өзгерістері жөніндегі мәліметтер
30. Кредит комитетінің келісімі:
N _"___" _________________200___жыл
31. Кредит берушілердің талаптарының тізіліміне енгізілген өзгерістер жөніндегі ДБЖКБ бұйрығы:
N__"___"_________________200___жыл

4. Оңалту жоспарында мерзімі ұзартылған кредиторлық берешекті өтеу бөлігінде орындау (оның ішінде өтеу нысандары мен әдістері бойынша: ақшалай немесе заттай мәнде, өзара есеп айырысу, қайта табыстау;)

| Кредит беруші-лердің талапта-рының тізімі | Бағасы (мың теңге) | | Кредит берушілер-дің талап-тарының қанағат-танған пайызы | Қарызды өтеу мерзімі (күні) | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Кредит берушілер-дің тізімдеме бойынша талаптары | Кредит берушілер-дің талап-тарының қанағаттан-ған пайызы | | Жоспар бойынша | Нақты |
| 1 кезек, барлығы, оның ішінде: | | | | | |
| 2 кезек, барлығы, оның ішінде: | | | | | |
| 3 кезек, барлығы, оның ішінде: | | | | | |
| 4 кезек, барлығы, оның ішінде: | | | | | |
| 5 кезек, барлығы, оның ішінде: | | | | | |

**5. Әкімшілік шығындардың жалпы сомасы**

| N р/н | Шығындар | Сметамен | Есептелген | төленді |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| 1. | Шикізат, материалдар, сатып алынған бұйымдар және жартылай фабрикаттар барлығы | | | |
| | Оның ішінде түрлермен: (түрлер ашу) | | | |
| 2. | Екі жақ ұйымдарымен орындалған өндірістік сипаттағы жұмыстар және қызметтері, барлығы | | | |
| 3. | Қосалқы материалдар, барлығы | | | |
| 4. | Технологиялық мақсаттарға арналған материалдар, барлығы | | | |
| 5. | Отын және ОЖМ, барлығы | | | |
| | Оның ішінде: | | | |
| 6. | Қуат, барлығы | | | |
| 7. | ӘБП ұстауы, барлығы | | | |
| | Түрлермен соның ішінде: | | | |
| 8. | Басқа да жалпы шаруашылық және әкімшілік шығындар, барлығы: | | | |
| | Оның ішінде: | | | |
| 9. | Шығындар орындаумен, барлығы | | | |
| | Өткізу бойынша шығындар, барлығы | | | |
| | Оның ішінде: | | | |
| 10. | Пайыздар бойынша шығындар, барлығы: | | | |
| | Оның ішінде: | | | |
| | (шеттен алып пайдалану қайнарларымен ашу) | | | |
| 11. | Негізгі қорлар | | | |
| 12. | Күрделі ішіне салудың, барлығы | | | |
| | Түрлермен, оның ішінде: | | | |
| | Түрлерімен ашып көрсету | | | |
| 13. | Жөндеуге ағымдағы шығындар және қанауды | | | |
| 14. | Негізгі қаражатты алу, барлығы: | | | |
| | Сонымен бірге түрлері бойынша: (түрлері бойынша ашып көрсету) | | | |
| 15. | Регрестік талаптар | | | |
| 16. | Бюджеттік аударымдар | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Сонымен бірге түрлері бойынша: | | | |
| | (түрлері бойынша ашып көрсету) | | | |
| 17. | ЕҚ оның ішінде: | | | |
| | ЖЗҚ аударымдар | | | |
| | Негізгі өндіріске еңбекақы төлеу | | | |
| | ӘБП еңбек ақы төлеуі | | | |
| 18. | Медетті басқарушының сыйақысы | | | |
| 19. | Оңалту жоспарында мерзімі ұзартылған кредиторлық берешекті өтеуге бағытталған қаражаттар | | | |
| | Барлығы: | | | |

6. Ағымдағы кредиттік берешек барлығы__________________________
(мың теңге)

7. Қарыз алушының дебиторы

32. Оңалту рәсімін қолдану сәтіндегі дебиторлық берешек:____________
(мың. теңге)

33. нақты төлетуге_________________
(мың теңге)

34. үмітсіз төлетуге_____________
(мың теңге)

35. Дебиторлық берешекті төлеттіру бойынша іздену жұмысы

8. Қорытынды жағдайлар. Оңалту жоспарының орындалуының жоспары
____________________________________________________________________

Медетті басқарушы_______________________________(Аты-жөні, тегі)
(қолы)

Бас бухгалтер____________________________________(Аты-жөні, тегі)
(қолы)

Мөр орны Күні

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК